

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

5 (411)

SEPTEMBER – OCTOBER 2024

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н=2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н=2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 5. Number 411 (2024), 79–95
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.827>

MPHTI: 14.07.01:

R.Zh. Ismanova, G.K. Akhmetova, 2024.
Zhanibekov University, Shymkent, Kazakhstan.
E-mail: ismanova.rabiga0310@okmpu.kz

SPEECH THERAPY AND THE BASICS OF NEUROPSYCHOLOGY

Ismanova Rabiga Zholdasovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of Pedagogy of Preschool Education and Training, Zhanibekov University, Shymkent, Kazakhstan, E-mail: ismanova.rabiga0310@okmpu.kz // <https://orcid.org/0000-0002-3917-0627>;
Akhmetova Gaukhar Kenzhebeyevna – Senior Lecturer of the Department of Special Pedagogy, Zhanibekov University, Shymkent, Kazakhstan, E-mail: akhmetova-gaukhar2501@okmpu.kz // <https://orcid.org/0000-0002-6939-1754>.

Abstract. The article mentions how necessary the level of neuropsychological knowledge of a speech therapist is in the work on speech therapy correction of children with speech disorders. Language is the main indicator of human development, and development is associated with the development of memory, attention, thinking, and mental abilities. Various parts of the human body, including the brain, occupy a special place in development. Neurology of language disorders after damage to the central nervous system, determination of how they are related to motor and cognitive abilities, neuropsychological features that determine the level of functioning of a child's mental functions, as well as the presence of certain disorders, to identify difficulties in learning, adaptation to the environment, communication, behavior of a child when working with children with speech disorders conclusions a speech therapist should also know. Since speech is the main higher mental function, neuropsychological correctional work is valuable as the main complement to correctional work. Because when a child experiences difficulties with fulfilling the requirements corresponding to his age in upbringing and training, this is due to his neuropsychological specifics. i.e. the necessary neuropsychological corrective work to strengthen the connections between the two hemispheres of the brain, necessary for harmonious mental activity, contributing to the energetic nutrition of the motor brain, increasing mental abilities and accelerating all mental processes, contribute to management, areas of his brain affect planning, programming and the acquisition of management response skills. It was noted that the problems identified on the basis of these methods, applied depending on the characteristics of children in special classes, require neuropsychological addition of knowledge and experience of a speech therapist. In the article, we focused on the competencies needed by specialists performing joint work of speech therapy and neuropsychology.

Keywords: neuropsychological principles in speech therapy, features of the cerebral cortex, high mental function

Р.Ж. Исманова, Г.К. Ахметова, 2024.

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан.

E-mail: ismanova.rabiga0310@okmpu.kz

ЛОГОПЕДИЯ ЖӘНЕ НЕЙРОПСИХОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІ

Исманова Рабига Жолдасовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан, E-mail: ismanova.rabiga0310@okmpu.kz // ORCID <https://orcid.org/0000-0002-3917-0627>;

Ахметова Гаухар Кенжебаевна – Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан, E-mail: akhmetova-gaukhar2501@okmpu.kz // <https://orcid.org/0000-0002-6939-1754>.

Аннотация. Мақалада сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларды логопедиялық тұрғыдан түзету жұмыстарындағы логопед маманның нейropsychологиялық білім деңгейінің қаншалықты қажет екендігі қарастырылады. Тіл адам дамуының негізгі көрсеткіші, ал даму есте сақтау, зейін, ойлау, ақыл-ой қабілетінің дамуымен байланысты. Адам ағзасының түрлі бөліктері, оның ішінде мидың дамудағы алатын орны ерекше. Орталық жүйке жүйесінің зақымдалуынан кейінгі тіл бұзылыстарының неврологиясы, қозғалыс пен когнитивті қабілеттерге қалай қатысы бар екенін анықтау, сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалармен жұмыс жүргізуде баланың оқу, ортаға бейімделу, қарым-қатынасқа түсу, мінез-құлқындағы қиындықтарды анықтау үшін, баланың психикалық функцияларының жұмыс істеу деңгейін, сондай-ақ белгілі бір бұзылыстардың болуын анықтайтын нейropsychологиялық тұжырымдарды логопед те білуі керек. Сөйлеу негізгі жоғары психикалық функция болғандықтан нейropsychологиялық түзету жұмыстары – түзету жұмыстарына негізгі қосымша толықтыру ретінде құнды. Себебі бала тәрбие мен оқудағы жасына сай талаптарды орындауға қиналатын болса, ол оның нейropsychологиялық ерекшелігіне байланысты болады яғни, үйлесімді ақыл-ой белсенділігі үшін қажет мидың екі жарты шарының арасындағы байланысты нығайтуға, қозғалыс мидың энергетикалық қоректенуіне, ақыл-ой қабілетінің жоғарылауына және барлық психикалық процестердің жеделдеуіне ықпал етуде қажетті нейropsychологиялық түзету жұмыстары баланың өзін-өзі басқаруға, оның ми аймақтары жоспарлауға, бағдарламалауға және басқаруға жауап беру дағдыларын игеруге әсер етеді. Арнайы сыныптардағы балалардың ерекшеліктеріне орай қолданылатын осы әдістер негізінде анықталған мәселелер логопед маманның білімі мен тәжірибесін нейropsychологиялық тұрғыдан толықтыруды қажет ететіні байқалды. Мақалада логопедия мен

нейропсихологияның бірлескен жұмысын атқаратын мамандарға қажетті құзыреттіліктерге тоқталдық.

Түйін сөздер: логопедиядағы нейропсихологиялық принциптер, ми қыртысының ерекшеліктері, жоғары психикалық функция.

Р.Ж. Исманова, Г.К. Ахметова, 2024.

Южно-Казахстанский педагогический университет им. О. Жанибекова,
Шымкент, Казахстан.

E-mail: ismanova.rabiga0310@okmpu.kz

ЛОГОПЕДИЯ И ОСНОВЫ НЕЙРОПСИХОЛОГИИ

Исманова Рабига Жолдасовна – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры педагогики дошкольного воспитания и обучения Южно-Казахстанского педагогического университета им. О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан, E-mail: ismanova.rabiga0310@okmpu.kz, ORCID <https://orcid.org/0000-0002-3917-0627>;

Ахметова Гаухар Кенжебаевна – старший преподаватель кафедры специальной педагогики Южно-Казахстанского педагогического университета им. О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан, E-mail: akhmetova-gaukhar2501@okmpu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-6939-1754>.

Аннотация. В статье упоминается, насколько необходим уровень нейропсихологических знаний специалиста-логопеда в работе по логопедической коррекции детей с нарушениями речи. Язык является основным показателем развития человека, а развитие связано с развитием памяти, внимания, мышления, умственных способностей. Различные части человеческого тела, в том числе мозг, занимают особое место в развитии. Неврология языковых расстройств после поражения центральной нервной системы включает в себя определение взаимосвязи этих расстройств с двигательными и когнитивными способностями. Важными аспектами являются нейропсихологические особенности, которые определяют уровень функционирования психических функций ребенка, а также наличие определенных нарушений. Это необходимо для выявления трудностей в обучении, адаптации к окружающей среде, а также в общении и поведении ребенка. Все эти факторы должен учитывать логопед при работе с детьми с нарушениями речи. Поскольку речь является основной высшей психической функцией, нейропсихологическая коррекционная работа ценна как основное дополнение к коррекционной работе. Когда ребенок испытывает трудности с выполнением требований, соответствующих его возрасту в воспитании и обучении, это может быть связано с его нейропсихологической спецификой. В таких случаях необходимы нейропсихологические коррекционные работы, направленные на укрепление связей между двумя полушариями мозга. Это важно для гармоничной умственной деятельности и энергетического питания двигательного мозга. Коррекция способствует повышению умственных способностей и ускорению психических процессов, а также влияет на

управление различными областями мозга, что необходимо для планирования, программирования и формирования навыков реагирования. Было замечено, что проблемы, выявленные с помощью методов, применяемых в зависимости от особенностей детей в специальных классах, требуют нейропсихологического дополнения знаний и опыта специалиста-логопеда. В статье мы остановились на компетенциях, необходимых специалистам, выполняющим совместную работу логопедии и нейропсихологии.

Ключевые слова: нейропсихологические принципы в логопедии, особенности коры головного мозга, высокая психическая функция

Кіріспе. Әлемде адами фактордың бірінші орынға қойылуы заңды нәрсе. Адамзаттың өміріндегі күнделікті қажеттіліктер қоршаған орта мен қоғамның арасындағы байланыстың шиеленісе түскенін көрсетеді. Адам-қоғам-табиғат әрқашан бір-бірімен тығыз байланыста жүреді. Кейбір жағдайда қоғамда алдыңғы қатарға қойылып отырған мәселелер тәжірибе жүзінде қажетті дәрежеге жетпей жататыны да бар. Логопедияда да ерекше қарастыруды қажет ететін проблемалар аз емес. Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларды оңалту-түзету жұмыстарындағы нәтижелер көрсеткішінің айтарлықтай дәрежеде болмауы да аландатар жағдай.

Логопедия психология, педагогика ғылымдарымен тығыз байланыста оқытылады. Психологиялық-педагогикалық диагностикаларымыз да баланың тіл бұзылысына бағыттала жүргізіледі. Ал тіл бұзылысы қайдан, неге, не себепті деген сұрақтарға жауап ретінде көбіне баланың қорытындыланған нәтижелер сараптамасына жүгінеміз. Осыдан келіп тіл бұзылыстарын түзету жұмыстарында тек сол сараптамаға ғана негізделген жаттығулар жүргізіледі. Логопед маманына осы ғана жеткілікті ме? Әлде қалай?

Адамның жан-жақты дамуының, өзін-өзі тануының негізгі көзі ол тіл, себебі тіл қарым-қатынас құралы. Адам қарым-қатынас арқылы дамитыны белгілі. Ғылыми зерттеулерде теориялық тұрғыдан негізделіп, тәжірибеде де іске асырылып жатқан нейропсихология қарқынды дамуда.

Нейропсихология - әртүрлі психикалық процестерді жүзеге асыруға мидың қатысы, мидың дамуындағы жарақаттар мен бұзылулардың әсері, мидың дамуы, балалық шақтың нейропсихологиялық ерекшеліктерін сонымен бірге адамның миының даму ерекшеліктері оның жеке басына және мінез-құлқына қалай әсер ететінін зерттейтін заманауи ғылым. Жалпы баланың дамуы танымдық қабылдауына - есте сақтау, зейін, ойлау, сөйлеумен байланысты. Ерекше білімге қажеттілігі бар балаларда психикалық дамудың тежелуі, тіл бұзылыстарының, сөйлеу тілінің кешігуі, зият бұзылыстары, ұсақ және жалпы моторикадағы бұзылыстар сынды қиындықтарға тап болған жағдайда нейропсихологиялық түзету оңалту әдістері өте қажет. Баланың дамуындағы айтар болсақ тәрбие мен оқудағы жасына сай талаптарды орындауға қиналатын болса, ол оның нейропсихологиялық ерекшелігіне байланысты болады. Себебі әр адамның миының өзіндік ерекшелігі, өзінше дамуы болатындығымен

түсіндіріледі. Ерекше білімге қажеттілігі бар балаларды да оқытуда біз осы мәселеге көп көңіл бөле бермейміз. Міне осы жерден нейропсихология мен логопедияның тығыз байланыста жұмыс жүргізу қажеттегі туындайды.

Зерттеу әдістері мен материалдары

нейропсихологиялық тексерудің нәтижелерін талдау және баланың клиникалық және психологиялық-педагогикалық сипаттамасымен салыстыру, ал нейропсихологиялық зерттеулерге сүйене отырып консультациялық жұмыс технологияларын игерту, баланың жалпы ойлау қабілетінің дамытудағы логопедиялық түзету жұмыстарын жүргізу, мидың зақымдалған функцияларын өтеуге бағытталған нейропсихологиялық әдістердің тиімділігін дәлелдеуге бағытталған әдістер қолданылды.

Көптеген жағдайларда кешенді тәсіл – нейропсихологтардың, логопедтердің, психотерапевттердің бірлескен жұмысы жақсы нәтиже береді. Олар бірге балаға өз проблемаларының барлық спектрін шешуге, нейропсихологиялық қана емес, эмоционалды, мінез-құлық қиындықтарын жеңуге көмектеседі: оқуды қаламау, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау проблемалары, сыныптағы жаман мінез-құлық, мазасыздық, қорқыныш және тағы басқалар.

Ми қыртысының қозғалтқыш аймақтарын дамытуға, үйлесімді ақыл-ой белсенділігі үшін қажет мидың екі жарты шарының арасындағы байланысты нығайтуға, қозғалыс мидың энергетикалық қоректенуіне, ақыл-ой қабілетінің жоғарылауына және барлық психикалық процестердің жеделдеуіне ықпал етуде қажетті нейропсихологиялық түзету жұмыстары баланың өзін-өзі басқаруға, оның ми аймақтары жоспарлауға, бағдарламалауға және басқаруға жауап беру дағдыларын игеруге әсер етеді. Дегенмен нейропсихология тек баланың жалпы және ұсақ моторикасын дамытумен ғана шектелмейді. Түзету аясында жұмыс психикалық функциялармен тікелей жүреді: есте сақтау, зейін, ойлау, сөйлеу, кеңістіктік көріністер. Бірте-бірте қарапайымнан күрделіге қарай жылжып, баланың жетістігіне сүйене отырып, маман оның барлық қиындықтарын зерттейді және жұмыс істейді.

Логопедияда тіл бұзылысы туралы зерттеу бағыттары бойынша балаларда сөйлеу дамуының бұзылуы және сөйлеу қабілетінің нашарлығы жиі кездесіні, сөйлеу қабілеттері тілдік дағдылардың өзгергіштігіне байланыстығы, балалардың тілдік профилін және сөйлеу мен тіл арасындағы байланысты тереңірек түсіну үшін стихиялық тілді және сөйлеуді егжей-тегжейлі талдауды қолдана отырып, зерттеулер жүргізу ұсынылады (Emma Everaert, et al, 2023)7

Сонымен бірге интегративті логопедиялық терапия хаттамасының мақсаты ауызша моторлық ынталандыруды, арнайы артикуляциялық және тілдің фонологиялық аспектілерін ынталандыру арқылы жүйке-психомоторлық дамуы бұзылған науқастарда сөйлеуді қалпына келтіруде және жақсартуға ықпал ететіндігі де аталады (Vania, et al, 2022) транскраниальды тұрақты тоқты пайдалану барысында да ғалымдар ми қыртысындағы белгілі бір бұзылыстарды

реттеу арқылы сөйлеу тілінде бұзылыстарды түзетудегі әсерін айта келіп, балалардың осы тобына арналған терапевттердің мақсаттары үш санатқа бөлінеді деп болжайды: балалардағы проблемалық аймақтар мен дағдыларды жою; функционалды маңызды дағдыларға қол жеткізу және оларды ауыстыру; және қолайлы қарым-қатынас ортасын құруда ересектерге қолдау көрсету. Нақты конфигурация баланың контекстімен және қажеттіліктерімен анықтау дұрыстығы көрсетіледі (Lydia Morgan, et al, 2019)7

Балалардағы сөйлеудің ерекше бұзылыстары деп те аталатын сөйлеуді дамытудың бұзылуы ондаған жылдар бойы тұрақты ғылыми назарда болғанымен, бұл бұзылыстың табиғаты мен механизмдері түсініксіз болып қала береді. Ең бастысы, біз ерте жастағы басқа «кеш сөйлейтіндер» арасында шұғыл араласуды қажет ететін балаларды әлі де сенімді түрде анықтай алмаймыз және аутизм спектрінің бұзылуы сияқты психиатриялық құбылыстармен қатар жүретін аурулардың жоғары таралуын түсіне алмаймыз. Мұның негізгі себептерінің бірі- популяцияның гетерогенділігіне әкелетін дәстүрлі «алып тастау диагнозы». Балалардың ана тілін өздігінен меңгеруіне кедергі келтіретін көптеген нейropsихологиялық даму бұзылыстары. Атап айтқанда, сөйлеу тілінің дамуының бұзылуына бағытталған зерттеулердің қазіргі жағдайына шолу сөйлеу мен ерте балалық шақта дамитын басқа да жоғары когнитивті функциялар, соның ішінде қабылдау, зейін және атқарушы функциялар арасындағы терең және жүйелі байланыстарды көрсетіп, сөйлеу нейropsихологиялық қабілеттердің бірі ретінде қарастырылады және оның дамуының кешігуі басқа нейropsихологиялық тапшылықтармен түсіндіріледі (Ekaterina Tomas, et al, 2018).

Алдыңғы зерттеулер тілдік қабілеттердің зейін мен мінез-құлықты реттеу үшін маңызды екенін көрсетті, бірақ толық анықтаған жоқ. Тілдік қабілеттер зейін тапшылығының гиперактивтілігінің бұзылуын және мінез-құлық бұзылыстарын, сондай-ақ субклиникалық мәселелерді түсінуге әсер етуі мүмкін (Isaac, et al, 2013).

Тілге бұрынғы көзқарастар оны салыстырмалы түрде оқшаулауда қарастырғанымен, қазіргі көзқарастар тілдің мотор функцияларына негізделгенін, жалпы мақсаттағы когнитивті жүйелердің бөлігі екенін және жалпы доменнің ресурстарына сүйенетінін көрсетеді. ОЖЖ зақымданғаннан кейін тіл бұзылыстарының неврологиясы туралы әлі де көп нәрсені түсіну керек, бірақ тіл бұзылыстарының қозғалыс пен когнитивті қабілеттерге қалай қатысы бар екенін анықтау керек (Maureen Dennis, 2010).

Сөйлеу қатысым құралы ретінде адамның ойлау қабілетіне енетін жоғары психикалық құбылыс яғни, ми құрылысының аймақтарындағы түрлі бөліктердің даму деңгейіне байланысты. Мидың сөйлеу белсенділігіне баланың жасерекшелігіне орай белгіленетін тіл нормаларының орындалу деңгейі мен тіл бұзылысындағы ерекшелікті анықтау нейropsихологияға жүгінуді қажет етеді. Нейropsихология мен логопедия арасындағы тығыз байланыс тіл бұзылыстарын түзету жұмыстарының да нақты және нәтижелі

жұмыс жүргізілуіне әсері мол. Сондықтан логопедиядағы нейропсихологиялық негіздерді зерттеу бағыты әлдеқайда көп және оларды болашақта талқылау өте өзекті.

Логопедия арнайы педагогика, арнайы психологиямен тығыз байланыста оқытылады. Көбінесе ерекше білімге қажеттілігі бар балалардың өзіндік психологиялық ерекшелігіне орай оқытылады осыған байланысты отандық арнайы психологияның өзекті мәселелері мен тұжырымдарын сипаттау, бұзылыстарды диагностикалау проблемаларын жіктеу, психикалық дизонтогенездің негізгі түрлерін қолдану, психологиялық тексеру процедурасын салыстыру, бұзылыстарды дифференциалды диагностикалау әдістері, құралдарын пайдалана отырып психологиялық қорытындылауын қорғау, ЕБҚ бар балалар мен тұлғаларға олардың ата-аналарына, педагогтерге кеңес беру әдістері бағалау, психологиялық профилактикалық жұмыстар туралы түсініктері кеңейіп, ғылыми көзқарастары қалыптасуын жоспарлай білу нәтижелері күтіледі. Ерекше білімге қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу-оқыту үрдісінде тек осы аталған нәтижелерді игеру логопедке жеткілікті ме, психологияны тереңдете білу үшін нейропсихологиялық бағыттағы білімін жаңғырта түсу үшін логопедке нейропсихология қажет пе деген сұрақ туындайды. Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға жүргізілетін түзету жұмыстары бұзылыстың феноменологиясына қарап жүргізіледі де ал ми механизміңдегі бұзылыстың себеп факторлары анықталмай қалады да логопедтің кәсіби құзыреттілігін төмендетеді. Осыған байланысты логопед нейропсихологиялық факторларды негізге алмай сәтті жұмыс жүргізе алады ма, жүргізілген түзету жұмыстары нәтижелі, балаға ұтымды бола алады ма?

Себебі әлемдегі психологиялық-педагогикалық зерттеулерде түзету жұмыстарында баланың ерекшелігін тереңдей білу үшін нейропсихологиялық тұрғыдан диагностикалау құзыреттілігінің болуы қажет екені аталады.

Ғылыми тұжырымдар оналту мекемелеріндегі логопедтер мен нейропсихологтар арасындағы байланыс пен ынтымақтастыққа ықпал ететін кедергілер мен факторларды атап, бағалау мен араласудағы логопед пен нейропсихологтің болжамды рөлі, оқыту мен философиялық көзқарастардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар, сонымен бірге келісілген тұжырымдар анықталды (Jeffrey C Wertheimer, Tresa M Roebuck-Spencer, Fofi Constantinidou, Lyn Turkstra, Marykay Pavol, Diane Paul). Мидың негіздерін және сөйлеу дамуының үш байланысты бұзылыстарының: оқу қабілетсіздігі, немесе даму дислексиясы, сөйлеудің бұзылуы, және сөйлеудің дыбыстық сүйемелдеуі бұзылыстарының генетикасын қарастырып дислексия, сөйлеудің бұзылуы фонологиялық бұзылулармен байланысты, бұл олардың сөйлеудің дыбыстық сүйемелдеуі бұзылыстарымен қатар жүретін патологиясын түсіндіруі үш бұзылыстың бір-бірімен байланысын түсінуге ықпал ететін нейропсихологиялық тұжырымда нақты жауап береді (Robin, et al, 2007), балалардағы сөйлеу тіліндегі бұзылыстарының белгілері туралы неғұрлым толық түсінік мида

өзгерістер қай жерде болады, керісінше, ми мен сөйлеуді модельдеу процесінде бұл процестің «бұзылуы» қашан болды? деген сұрақтарды сөйлеу мен тілді үйрену процесінің белгілі бір көрінісі деп болжауға болады, бұл өз кезегінде мидың даму процесін көрсетеді және бірнеше рет қайталанатын құрылымдық шешімдерге айналатын нақты динамикалық шешімдер алынады. Сондықтан мидың құрылымы мен қызметі арасындағы кері реакцияны қамтитын дәстүрлі тәсіл сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларда немесе афазиясы бар ересектерде клиникада байқалатын құбылыстарды қанағаттанарлық және дәйекті түрде түсіндіре алмайды (Pachalska, et al, 2007). Осыған байланысты логопедиялық түзету жұмыстары нейропсихологиялық тұрғыдан негізделгені дұрыс.

Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаға жүргізілетін түзету жұмыстары нейропсихологиялық тәсілдермен негізделе жүргізілудің тиімділігі баланың тиісті мүмкіндіктерін ескере отырып және көптілді әлеуметтік-мәдени ортаның ерекшеліктеріне жағымды икемделуінде жақсы нәтиже болатыны аталады (Kozina, et al, 2018). Сөйлеу әрекетінің бастапқы бұзылыстары кеңейтілген экспрессивті сөйлеу немесе мәлімдеме ниеттен немесе ойдан басталады, екі процесс те бір жағынан күрделі мотивтердің пайда болу аппараты болып табылатын мидың фронтальды бөліктерінің қатысуын және екінші жағынан белсенді ниет немесе тұжырымдама құруды қажет етеді, Егер мәлімдеменің мотиві болмаса және дизайнның белсенді пайда болуы болмаса, өздігінен белсенді сөйлеу табиғи түрде пайда болмайды, айқын фронтальды синдромы бар науқастарға тән, оларда жалпы аспонтанизммен және адинамиямен бірге сөйлеу аспонтанизмі айқын көрінеді, ол өздігінен пайда болатын мәлімдемелердің болмауында да, олардың диалогтық сөйлеуі қойылған сұрақтарға тек пассивті және моносиллабты (кейде эхолоальды) жауаптармен шектелетіндігінде де көрінеді (Лурия, 2003). Мидың сол жақ жарты шарының премоторлы бөлімдерінің зақымдануы басқаларға интеллектуалды белсенділіктің бұзылуына әкеледі. Бұл бұзылулар барлық психикалық процестерді уақытша ұйымдастырудың қиындықтарымен сипатталатын премоторлы синдромның бөлігі болып табылады. Науқастардың бұл санатында қозғалыстардың «кинетикалық схемаларының» ыдырауы және бір қозғалыс актісінен екіншісіне ауысу қиындықтары ғана емес, сонымен қатар ойлау процесінің динамикасының бұзылуы байқалады бұл науқастарда динамикалық афазияның негізінде жатқан сөйлеу ниетін қолдану процесі ғана емес, сонымен қатар мәтіннің мағынасын түсіну үшін қажет сөйлеу құрылымдарын «бүктеу» процесі де бұзылады. Екі жағдайда да сөйлеу процестерінің динамикасының бұзылуы және нәтижесінде ауызша-логикалық ойлау динамикасының бұзылуы байқалады (Хомская, 2005). Нейропсихологиялық әдістердің әртүрлілігіне қарамастан, олардың барлығы төменде сипатталған принциптерді яғни, белгілі бір психикалық процесті немесе оның белгілі бір буынын зерттеуге басымдық беруі («функционалды сынақ» принципі), психикалық функциялардың зақымдалған буындарын анықтау үшін нейропсихологиялық әдістерді қолдану, нәтижелері бір-бірін нақтылайтын және толықтыратын бірнеше әдістерді

қолдана отырып, әрбір психикалық функцияны зерттеу, қызметтің түпкілікті нәтижесін ғана емес, сонымен қатар тапсырманы орындау процесін де міндетті түрде талдау, нейродинамикалық, операциялық, мотивациялық және реттеуші компоненттерге назар аудару қажет, анықталған бұзылулардың сапалық талдауының симптомдардың ауырлық дәрежесін сандық бағалаумен үйлесуі, әдістемені орындау процесінде бекіту мүмкіндігін көздейтін оқыту принципі мүмкіндік субъектінің іс-әрекет әдісін игеруі және оны ұқсас тапсырмаларда қолдануы, нейропсихологиялық тексеру кезінде алынған деректерді анамнез деректерімен және объективті клиникалық зерттеулермен салыстыру, субъектінің преморбидтік және жас ерекшеліктерін есепке алу, психикалық функциялар өз қызметін атқарудың әртүрлі деңгейлерінде, еріктілікте және афференттік байланыстардың әртүрлі құрамымен бағаланады, әдістеме материалы сенсбилизацияға мүмкіндік береді — орындалу қарқынын жеделдету, визуалды бақылауды алып тастау, қызмет көлемін ұлғайту, ынталандыру материалының бөлшектерін қиындатуды басшылыққа алады (Баулина, 2018).

Сөйлеу тілінің бұзылыстарын нейропсихологиялық жағынан қарастыруда біріншіден психикалық процестердің сарқылуының жоғарылауы, белсенділікке қосылудың баяулауы, шоғырлану мен зейінді бөлудің қиындауы, гиперактивтілік пен импульсивтіліктің талапқа сай болмауы байқалатын балалардың психикалық процестердің нейродинамикасын қамтамасыз ету яғни, жалпы белсенділік қабілетінің, ОЖЖ жалпы тонусын, қозу мен тежелу тепе-теңдігін сақтау, жалпы белсенділік қабілетін көрсету көрсеткішіне; үлкен жарты шарлардың артқы бөлімдерінің кортексінің қалыптаспауымен, екінші және үшінші өрістердің, ми мен жұлын аймағының қалыптасуының кешеуілдеуімен; жарты шар аралық өзара әрекеттесудің дамуындағы бұзылыстар, ерікті және мақсатты зейіннің болмауы, тез нәтиже алу қажеттілігі, тітіркенудің жоғарылауы, мидың эмоционалды белсендіру жүйесін сөйлеу арқылы ерікті реттеуімен алмастыру синдромдары бар балалардағы бұзылыстарды анықтау арқылы түзету бағытында жүргізіледі және мидың маңдай бөліктерінің моторлы, префронтальды қыртысының, алдыңғы маңдай қыртысының кортикальды және субкортикальды байланыстарымен анықталатын ерекшеліктерге негізделіп жүргізіледі.

Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалармен жұмыс жүргізуде баланың оқу, ортаға бейімделу, қарым-қатынасқа түсу, мінез-құлқындағы қиындықтарды анықтау үшін, мысалы, боялған заттарды өз бояуымен сәйкес қорапшаға салу, ол заттардың атын есте сақтау т.б. сынды жаттығулар орындату арқылы диагностика жүргізу нейропсихолог тарапынан орындалады да олардың нәтижелері бойынша нейропсихолог баланың жоғары психикалық функцияларының жұмыс істеу деңгейін, сондай-ақ белгілі бір бұзылыстардың болуын анықтайды. Дәл осындай жұмыстар логопед тәжірибесінде де қажет.

Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалардың миының әртүрлі құрылымдарының үйлесімді дамуын ынталандыруға бағытталған мотор, тыныс алу жаттығулары, танымдық ойындар, есте сақтау, зейін, ойлауды

дамытуға арналған когнитивті тапсырмаларды қамтитын диагностикаға негізделген нейропсихологиялық түзету баланың дамуына тиімді әсер беретін ол 3 жастан 12 жасқа дейінгі мерзім. Осы аралықтағы баланың жалпы ойлау қабілетінің дамуы оның келешектегі бейімделу іс-әрекетіне ерекше әсер ететін мезгіл болғандықтан логопедиялық түзету жұмыстары мидың зақымдалған функцияларын өтеуге бағытталған нейропсихологиялық әдістер қолданылады. Негізгі жоғары психикалық функциялардың қалыптасуы; жарты шар аралық өзара әрекеттесу байланыстарын дамыту және оларды түзету; танымдық функциялардың дамуын ынталандыруға бағытталған нейропсихологиялық тәсіл түзету бағдарламасын толықтырады және онымен бірге жүзеге асырылады және сауатты сүйемелдеу стратегиясын құруға, бұзылыстың себебін анықтауға және баланы одан әрі оқыту үшін негізгі функцияларды қалыптастыруға көмектеседі.

Сөйлеудің физиологиялық негізі болып табылатын есту, көру, кинестетикалық, сонымен қатар ойлау операцияларын қалыптастырудың негізі болып табылатын нейропсихологиялық түзету әдістерін қолдану логопедтің жұмысында әртүрлі анализаторларды арнайы ынталандыруда тиімді.

